

ЛЕНИН ТУУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 58 (9120) | 1953 жылғы 18 март Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыбыл.

Біздің қасиетті міндетіміз—ұлы Коммунистік партияны онан әрі нығайта беру. Біздің партияның күштілігі мен жеңілмейтіндігі—оның қатарының бірлігінде және топтасқандығында, еркі мен қыймылының бірлігінде, партия мүшелерінің өз еркін партияның еркі мен тілектеріне ұштастыра білетіндігінде. Біздің партияның күштілігі мен жеңілмейтіндігі—халық бұқарасымен тығыз байланысты болуында.

Колхоз өндірісінде МТС-тердің ролін арттырайық

Социалистік ауыл шаруашылығы өндірісі барған сайын өркендеп, алға басады. Бұрын неғұрлым қауырғ және елеуді проблема болып саналып келген астық проблемасы ойдағыдай шешілді, түпкілікті және біржолата шешілді. Қоғамдық мал шаруашылығы да жетек өркендеп, өнімді барған сайын мол беріп келеді. Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың ауыл шаруашылығы да жылма-жыл өркендеп, жетілген, табысты шаруашылыққа айналады. Әресе, дәнді дақылдардың өнімі жыл сайын арта түсіп отыр.

«Біздің бәріміз де, — деп жазды Сталин жолдас, — еліміздің ауылшаруашылық өндірісінің орасан зор өскендігіне, астық өндірудің, мақта, лён, қант қызылшасы және т. б. өндірудің өскендігіне қуанамыз. Бұл өсудің негізі неде? Бұл өсудің негізі қазіргі заманғы техникада, өндірісті жаңағы барлық тарауларын қамтытып қазіргі заманғы көптеген машиналарда. Өңгіме мұнда тек жалпы техникада ғана емес, техниканың бір орында тұрып қалмайтындығында; ол үнемі жетіле беруге тиіс; ескі техника қатардан шығып, жаңа техникамен, ал жаңа техника — одан да жаңасымен ауыстырылып отыруға тиіс. Мұнысыз біздің социалистік өтіншіліктің іагерілей беруді мүмкін емес, егіннен мол өнім алуға, ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасауға мүмкін емес».

Бесінші бесжылдықта социалистік ауыл шаруашылығын бұрынғыдан да гөрі күшті қарқынмен өркендету міндеті алға қойылып отыр. Осыған сәйкес ол өзінің дамуының қайнар көзі — қазіргі заманғы техникамен онан сайын мол жабықталады. Бесінші бесжылдықта колхоздарда негізгі дала жұмыстарын механикаландыруды аяқтау міндеті тұр. Осымен бір мезгілде мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісі де кеңінен жүргізілуге тиіс.

Ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету ісінде МТС-тердің ролі орасан

Бұл жөнінде Калинин атындағы МТС-ті мысалға алуға болады. Өткен жылы бұл МТС трактор жұмыстарының жылдық жоспарын орындай алмады. Ол зябь жырту жоспарын 25 процент, пар жырту жоспарын 6 процент ғана орындады. Оның қамтуындағы колхоздарда астықтың түсімі кеміп кетті, ауыл шаруашылығы жұмыстарының сапасы да өте төмен. Бұл недіктен? Оның себебі — мұнда механизатор кадрларын даярлау ісі өте-өте нашар. Тракторлар жыл сайын бір-ақ еме-нада жұмыс істейді. Оның өзінде кадрлар жеткіліксіз болып жүр. Соның салдарынан тракторлар ұзақ уақыт жұмысқа қосылмай тұрады, оның қуаты толық пайдаланылмайды. Солай бола тұрсада МТС басшылары механизатор кадрларын даярлауға күні осы уақытқа дейін көңіл бөлмей отыр.

Механизатор кадрларының жеткіліксіздігінен Сартомар Совет МТС-терінде трактор жұмыстарының жоспары қанағаттанғысыз орындалады. Бұл МТС-тер механизация мектептеріне оқуға адамдарды өте аз жіберді. Қазіргі уақытта Сартомар МТС-інде 40, Совет МТС-інде 20 тракторшы жетпейді.

Енді біраз күндерден кейін егіс жұмыстары басталады. Көктемгі егісті агро-техникалық қолайлы мерзімде өткізіп, мол өнім негізін қалау машина-трактор паркінің өнімді жұмыс істеуіне байланысты. Бұл үшін тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын егіс жұмыстарына күнібұрын сығалы жөнлеу қажет.

Алайда, облыста жөнлеу жұмысының жайы өте қанағаттанғысыз. Осы уақытқа дейін барлық тракторлардың үштен екісі ғана жөнделген өтті. Жөнделмей тұрған тракторлардың көпшілігі — шыңжыр табан тракторлар. Бұлар дала жұмыстарына бірінші болып шығады. Сондықтан партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары мұндай тракторларды жөнлеу

ССРО Жоғарғы Советі қабылдаған заңдар мен қаулылар

Н. М. Шверник жолдасты ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Председателінің міндетінен босату туралы

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Николай Михайлович Шверник жолдас басқа жұмысқа ауысуына байланысты ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Председателінің міндетінен босатылсын.

2. Николай Михайлович Шверник жолдас ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
1953 жылғы 15 март.

К. Е. Ворошилов жолдасты ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі етіп сайлау туралы

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Климент Ефремович Ворошилов жолдас ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі болып сайлансын.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Председателінің орынбасары
М. ТАРАСОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
1953 жылғы 15 март.

Г. М. Маленков жолдасты ССРО Министрлер Советінің Председателі етіп тағайындау туралы

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Георгий Максимилианович Маленков жолдас ССРО Министрлер Советінің Председателі болып тағайындалсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
1953 жылғы 15 март.

В. В. Кузнецов жолдасты ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі міндетінен босату туралы

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Василий Васильевич Кузнецов жолдас ССРО сыртқы істер Министрінің орынбасары болып тағайындалуына байланысты ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі міндетінен босатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

А. А. Андреев жолдасты ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі етіп сайлау туралы

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Андрей Андреевич Андреев жолдас ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

Жөнлеу жұмыстарына арналған қаржы дұрыс жұмсалсын

Кәсіпорындарында завод үйлері мен тұрғын үйлерді, машиналар мен саймандарды жоспарлы түрде жөнлеп, күрделі жөнделулерден өткізіп отырудың ұлғайған маңызы бар.

Кәсіпорындардың негізгі құралдары мен тұрғын үйлерді жөнделуен өткізу жұмысына Совет мемлекеті босатқан миллиондаған сом қаражат, қазіргі заманның техникасы негізінде социалистік өнеркәсіптің өлдіріс қорларын толық жаңартып отыруға мүмкіншілік берді.

Алайда, мемлекетіміздің негізгі құралдарды сақтау және жөнлеу жұмысына үлкен пазар ауларын отырғанша қарамас-тан көптеген кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары жөнлеу жоспарын орындауды қамтамасыз етпей келеді. Жөнлеу сапасы төмен және жөнделу бөлінген қаражат дұрыс пайдаланылмайды.

Мәселен, май өндірісінің Петропавлдағы базасы жөнлеу жұмыстарына босатылған қаражаттың жеткілікті болуына қарамастан 1952 жылдың бойына төбесі күлдейін деп тұрған машина гаражын жөнделуді қамтамасыз етпеді. База директоры тарапынан болған жауапсыздықтың салдарынан 25 автомашинасы бар базаның автомобиль паркi үшін жақсы, техникалық жағынан қолайлы кең үй салынбай қалды. Ал, шынында, бұл жұмыс жоспарланған болатын.

Жөнлеу жоспарының орындалуы «Комсомолка» тігін фабрикасында да қанағаттанарлық деуге болмайды. Өткен жылы фабрика басшылары өндіріс үйлерін күрделі жөнделуен өткізу жоспарын орындамады. Бұл жұмысқа 210 мың сом қаржы босатылса да, мардымды жұмыс істелмеді. Қажетті жұмысшы күшімен және құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілмегендіктен күрделі жөнлеу жоспарын фабрика небары 66 процент қана орындап жөнлеу жұмыстарына арналған қаржының 71 мың сомын пайдаланбай қалдырды.

Тұрғын үйлерді жөнлеу ісіне астық дайындау облыстық мекемесінің басшылары да немқұрайлы қарайды. 1952 жылы мұнда сегіз тұрғын үйден 3 үйді жөнлеу

зор. Міне, сондықтан да Қазақстан Компартиясының III пленумы партияның XIX съезінің қарарларына байланысты республиканың МТС-тері мен машина-машынаушылық станцияларының жұмысын жақсарту шаралары туралы мәселе қарап, олардың ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ролін арттыру жөнінде партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары алғына аса зор міндеттер қойды. Осымен бірге, пленум республика МТС-тері жұмысының әлі де болса қанағаттанғысыз екенін атап көрсетті.

Біздің облыс МТС-терінің жұмысы да өте қанағаттанғысыз. МТС-тер трактор жұмыстарының жылдық жоспарын жыл сайын орындай алмай келеді. Олар жер жырту, егін жыйнау, астық дайындау сияқты аса маңызды ауылшаруашылық жұмыстарын мерзімінде атқармай, ұзаққа созады. Бұл жұмыстардың сапасы төмен болып жүр. Сол сияқты, облыстың көптеген МТС-тері жемшөп дайындау, сүрлеу, мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі жоспарды қанағаттанғысыз орындап келеді. Ал, мұның өзі егін және мал шаруашылығын оған әрі өркендетуге кері әсерін тигізіп жүр.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті III пленумының атап көрсеткеніндей, облыс МТС-тері жұмысының мұншалықты қанағаттанғысыз болуының негізгі себебі — ең алдымен механизатор кадрларын іріктеп алуға, орналастыруға және тәрбиелеуде елеулі кемшіліктерге жол берілуінде. Сондықтан бірқатар МТС-терде механизаторлар жетіспей тракторлар, көбінесе, бір сменада ғана жұмыс істеп жүр. Бұл машина-трактор паркі қуатының толық пайдаланылуына әкеліп соғып отыр.

ССРО Министрлер Советінде

ССРО Министрлер Советі Чехословак Республикасының Президенті Клемент Готвальдті жерлейтін күн — 19 мартты

Краматорск—Сталиндік құрылыстарға

КРАМАТОРСК. 16 март. (СОТА). Сталин атындағы заводтың машина жасаушылары партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің шақыруына жауап ретінде біздің елімізде коммунизм орнату ісінде өздерінің жігер-қайратын еселеп арттыруда. Кәсіпорнының коллективі өздігінен жүретін экскаваторларға керекті бөлшектерді дайындау жөніндегі «Куйбышевгидростройды» март айына берген заказын мерзімінен бұрын орындады. Су электр станциясын салушылар тапсырыста көрсетілгендегіден керекті бөлшектерді үштен бір артық алды.

қарқынын күшейтіп, олардың жұмысқа толық әзір болуын қамтамасыз етуге тиіс. Преснов, Баян, Николаевка, Калинин атындағы, Булаев МТС-тері жөндеу жұмысында мүлде артта қалып қойды. Бұл МТС-тердің басшылары жөндеу ісінің қарқынын тездетіп, сапасын жақсартулары керек.

Қазақстан Компартиясының III пленумы егін және мал шаруашылығын механикаландыру саласында МТС-тердің алдына зор міндеттер қойды. Олар колхоздарда жер жырту, тұқым себу, егін жыйнау, қырмақтарда астықтарды тазарту, өңдеу, тиеу, сабандарды жыйнау, шөп пішу, жыйнау, сүйретпелеу, маялау, буу, жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасу сияқты күрделі жұмыстарды, сол сияқты, фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кеңінен механикаландыруға міндетті. Егін өнімін арттыруда және қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жұмыстың аталған участоктерін механикаландырудың зор маңызы бар. Ал, облыста бұл жұмыстың жайы өте қанағаттанғысыз. Олай болса, МТС басшылары бұл мәселеге жете назар аударып, оны міндет жүзеге асыруға тиіс. Бұл үшін әрбір МТС-те механизатор кадрларын жеткілікті даярлап, техника күшінің толық пайдаланылуына жетілеу қажет.

МТС жұмысын жақсарту мақсатында өндірісте ғылым мен тәжірибе табыстарын батыл енгізу керек. Әресе, трактор бригадалары жұмысында еңбектің прогресшілік әдістерін — сағаттық графикті, стахановтық маршрутты, шаруашылық есебін кеңінен қолдану қажет.

Машина-трактор станцияларының жұмысын жақсарту колхоз өндірісін нығайтуға, партияның XIX съезінің қарарларына сәйкес ауыл шаруашылығын жаңдан күшті қарқынмен өркендетуге зор мүмкіншіліктер туғызады.

қаралы күн деп жариялауға және қаралы жалаулар ілуге қаулы етті.

Мұнымен бірге В. И. Ленин атындағы Волга-Дон кеме катынасы каналының суару жүйесінің құрылыстарына пайдаланылатын машиналар мен механизмдеріне керекті бөлшектердің арнаулы үлкен бір тобы жөнелтілді.

Экскаватор жасаушылар үлкен қажырлылықпен еңбектенуде. Кеше олар осы айдың ішінде жасалған өздігінен жүретін үшінші экскаваторды жөнелтуді аяқтады. Экскаватордың стреласының ұзындығы 40 метр. Бұл машина Мингечаур су электр станциясының құрылысына арналған.

1953 жылғы 15 март.

ССРО Конституциясының (Негізгі Заңының) 70,77 және 78 статьяларына өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы

З А Н

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

«ССРО Министрліктерін қайта құру туралы» заңға сәйкес ССРО Конституциясының 70, 77 және 78 статьяларына қажетті өзгертулер мен қосымшалар енгізіліп, бұл статьялар былай деп жазылыс.

«70-статья. ССРО Министрлер Советін ССРО Жоғарғы Советі құрады; мұның құрамында:

- ССРО Министрлер Советінің Председатеі;
- ССРО Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасарлары;
- ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасарлары;
- ССРО Министрлері;
- ССРО Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының Председателі;
- ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі болады».

«77-статья. Жалпы одақтық министрліктер болып саналатындар:

- Көмір өнеркәсіп министрлігі;
- Мұнай өнеркәсіп министрлігі;
- Металлургия өнеркәсіп министрлігі;
- Химия өнеркәсіп министрлігі;

1953 жылғы 15 март.

- Машина жасау министрлігі;
- Транспорттық және ауыр машина жасау министрлігі;
- Электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрлігі;
- Қорғаныс өнеркәсіп министрлігі;
- Құрылыс министрлігі;
- Қатынас жолдары министрлігі;
- Байланыс министрлігі;
- Теңіз және өзен флоты министрлігі».

«78-статья. Одақтық-республикалық министрліктер болып саналатындар:

- Ішкі істер министрлігі;
- Сыртқы істер министрлігі;
- Қорғаныс министрлігі;
- Ішкі және сыртқы сауда министрлігі;
- Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі;
- Мәдениет министрлігі;
- Жеңіл және тамақ өнеркәсіп министрлігі;
- Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі;
- Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі;
- Финанс министрлігі;
- Денсаулық сақтау министрлігі;
- Юстиция министрлігі;
- Мемлекеттік бақылау министрлігі».

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль. 1953 жылғы 15 март.

МАЛ ҚЫСТАТУДЫ ҮЛГІЛІ АЯҚТАЙЫҚ

Шопандардың үлгілі ісі

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген Совет ауданындағы «Арал-ағаш» ауылшаруашылық артелинің алдыңғы қатарлы мал өсірушілері үстіміздегі жылы мал шаруашылығын өркендету жөнінде өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алғанды.

Осылардың бірі болып, қарт шопан Е. Нени жолдас та әрбір 100 саулықтан 135 қозы алуға міндеттенді. Шопан алған міндеттемені мінсіз орындап шығу жолына өзінің күш-жігерін аямай жұмсауда. Мал қыстату науқаны басталысымен қарамағындағы қойды тыңғылықты күтімге алды. Олардың тойына оттап, қана суарылуын қамтамасыз етті. Қойларға құнарлы жемшөп берілді. Осының арқасында қарт шопан қойды қолда бағып қуту ісін табысты өткізуде. Осы арқылы шопан өзінің алған міндеттемесін ойдағыдай орындауға жетісуде.

Кәзір фермала 292 қой қоздады. Олардың көпшілігінен егіз қозы алынды.

Г. БАЛТАБАЕВ.

Нысанамға жетемін

Мен Қонюхов ауданындағы «Пятилетка» ауылшаруашылық артелинің ірі қара мал фермасында сауыншы болып істеймін. Сүтті мол алу сауын сыйырларды тыңғылықты күтімде ұстауға байланысты скәнін арқашан есте ұстаймын. Бүкіл жыл бойына қарамағымдағы сыйырлардың жақсы күтімде болуын қарастырып отырамын. Өзекен жылдардағыдай бығыл да сауын сыйырлардың қысқы күтімін жақсы ұйымдастырдым. Мен сыйырларды қолда бағып күту ісіне де өзат малшылардың тәжірибесін батыл қолданамын. Сыйырларды күтіп азықтандыру және оларды сауу жұмыстарын арнаулы график бойынша жүргіземін. Әрбір сыйырға жемшөпті күнбе-күн тағайындалған нормаға сәйкес қолдан өтшеп беремін. Осының нәтижесінде қысты күні сауын сыйырлардан сүтті көп алып жүремін.

Қысқы маусым — мал шаруашылығындағы жауапты кезең. Малды қолда бағып күтуге күнілгері әзірлік жасадық. Сауын сыйырларды жылы қоралармен, қыстық

жемшөппен мол қамтамасыз еттім. Дайындалған жемшөп мал қыстату маусымы басталғанға дейін қоралар жанына түгелдей тасылып алынды. Міне, бығылғы мал қыстатуға осындай әзірлікпен кірістім. Қажырлы еңбектің арқашан өз нәтижесін беретіні мәлім. Мен өткен жылы қарамағымдағы 16 сыйырдан 16 бұзау алдым. Олардың бірде-бірін шығынға ұшыратпай табынға қостым. Мұның үстіне бытырғы жылы сауын сыйырлардың жазғы, қысқы күтімін үлгілі ұйымдастырдым.

Үстіміздегі жылы сауын саууға бұдан да зор табысқа жетуге міндеттенемін. Жоғарыда айтылғандай, сауын сыйырлардың қысқы күтімін үлгілі ұйымдастыру нәтижесінде кәзір сүтті барған сайын мол алып жүрмін. Ал, алдағы күндерде әрбір сауын сыйырлардан сүтті кәзіргіден де көп аламын. Бұл нысанамға мен сөзсіз жетемін.

М. ҚАШАПОВА.

Қонюхов ауданы, «Пятилетка» колхозының сауыншысы.

мен сом қаржы бөлінді. Үйлерді дереу жөндеудің қажеттілігіне қарамастан, сол жоспарланған үш үйдің өзі де жөндеуден өткізілмеді.

Сол сияқты, өндірістік үйлер мен жабдықтарды күрделі жөндеуден өткізу жоспарының орындалуы бығары заводтың да қанағаттанғысыз болып отыр. Күрделі жөндеу жұмысына арналған 240 мың сомның заводта 124 мың сомғы жұмсалмай қалды. Кәзіргі уақытта бығары заводтың да үш өңдеу, бір шелі май шығару және өкі тері керу машиналарын жөндеу керек болып отыр. Бұл машиналардың қатардан шығып қалып, өндіріс жоспарларын орындау ісіне керісінше әсер етуі мүмкін.

Кейбір кәсіпорындарының басшылары өндірістік және тұрғын үйлер мен өндіріс жабдықтарын жөндеу жоспарының орындалмауын құрылыс материалдары мен жұмысшы күшінің жетіспеушілігінен деп дәлелдегісі келеді. Бұл дәлел емес. Шынына келсек, кәсіпорындарының басшылары өндіріс жабдықтары мен өндірістік және тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге жеткілікті көңіл болмейді, құрылыс материалдарымен кәсіпорының дер кезінде қамтамасыз етуді көшеуілдеті берей, жөндеушілердің жұмысына қатаң бақылау жасамайды. Осының салдарынан күрделі жөндеу жоспары орындалмайды, оған бөлінген қаражат толық жұмсалмай қалады. Бұл кемшіліктер келешекте қайталанбауға тиіс.

Кәсіпорындарының басшылары өндіріс жабдықтары мен өндірістік және тұрғын үйлерді жөндеу жоспарының орындалуын үнемі бақылап, оған басшылықты күшейтуге, сөйтіп, күрделі жөндеу жоспарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

П. ШИЛОВ.

Мемлекеттің банктің облыстық менемесі меңгерушісінің орынбасары.

БАКУ МҰНАЙШЫЛАРЫ ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ IV СЕССИЯСЫНЫҢ ҚАРАРЫН ҚҰТТЫҚТАУДА

БАКУ. 16 март. (СОТА). Баку қаласының мыңдаған мұнайшылары ССРО Жоғарғы Советі IV сессиясының материалдарын радио арқылы тыңдады. Мұнай кәсіпшіліктері мен заводтарының, бұрғылау мекемелерінің және қаланың басқа кәсіпорындарының өндірісшілері ССРО мемлекет билігінің жоғарғы органының қарарларын бірауыздан құттықтауда.

Буденный атындағы мұнай өңдеу заводында Аббас Қасымов оператор болып істейтін сменаның жұмысшылары түскі үзіліс кезінде сессияның материалдарымен танысты.

— ССРО Жоғарғы Советі депутаттарымен бірге біз Отанымыз Үкметінің жаңа құрамын шын жүректен құттықтаймыз, — деп мәлімдеді оператор Қасымов жолдас. — Туған Үкметімізді өзіміздің қажырлы еңбегімізбен қолдаймыз.

Сталин—халықтарды азат етуші

Сталин жолдастың қайтыс болғандығы туралы хабар бүкіл дүние жүзінің халықтарын шексіз қайғыға шомдырды.

Адамзат тарихында халықтарды азат етуге жақтап, бейбітшілік пен халықтар арасындағы достықты жақтап айтылған үн Совет Одағы мен Совет Одағының Коммунистік партиясының көзiргi үнiндеi. Ұлы Сталиннің үнiндеi болып ешқашан да естiлiп көрген емес.

Ленин мен Сталиннің есiмдерi — адамзатты езушiлiк пен қанаушылықтың қандайынан болса да азат етудiң ұлы iсi жолындағы алып күрестiң асқан ұлы бейнесi.

Совет Одағында ғана емес, жер шарының барлық елдерiнде де халықтар Сталиндi ұлы азат етушi, бейбiтшiлiк пен әлеуметтiк прогресс жолындағы күрестiң ту ұстаушысы деп таныды.

Сталин жолдас өзiнiң революциялық қызметiнiң алғашқы кезiнен-ақ орасан зор теориялық еңбектi өрiстетiп, халықтарды империалистiк езушiлiктен азат ету жолдарын ашып көрсеттi. Сталин жолдас тың ұлттық мәселе туралы маркестiк iлiмдi талдап шешудегi ролi нын мәнiсiнде ерекше зор. Сталин жолдас — ұлттық мәселе жөнiндегi большевиктiк программаның авторы; ол марксизм-ленинизмдi ұлт туралы классиктiк анықтаммен баяытты, жұмысшы табының ұлттық және интернационалдык мiндеттерiнiң бiртүтастығы туралы, империализм дәуiрiндегi ұлттық-азаттық қозғалыстың стратегиясы мен тактикасы туралы, буржуазиялық және социалистiк ұлттар туралы лениндiк iлiмдi оған әрi дамытты. Сталин жолдас орасан зор күшпен ғылыми болжаулар жасап, коммунизм жеңiсiн жағдайдағы социалистiк ұлттың даму заңдары мен перспективалары туралы данышпандық iлiммен адамзатты байытты.

Октябрь революциясында жеңiп шыққан орыс пролетариаты көзiр ұлы Совет мемлекетi болып отырған барлық халықтарды буржуазиялық помещиктiк езушiлiктiң бұғауынан босатты. Ұлы Октябрь социалистiк революциясы бұл азаттықты бұрынғы Россияның жұмысшылары мен шаруаларының өзара сенiсiсi мен туысқандық жақындығының туы астында интернационализм негiзiнде жүргiздi. Интернационалдык пролетарлық әдiс, деп үйретедi Ұлы Сталин, өзiлген халықтарды азат етудiң бiрден-бiр дұрыс әдiсi болып табылады.

Ұлы Октябрь социалистiк революциясы империализмнің тепкiсiнде зар илеген барлық халықтарға өзiлушiлiк пен теңсiздiктен азаттық пен тәуелсiздiкке; аштық-

★
Г. ГЕОРГИУ-ДЕЖ
Румын жұмысшы партиясы
Орталық Комитетiнiң бас
секретары
★

кезде, ал Совет Армиясы жекпе-жек ұрыста гитлерлік шайқыншыларға қарсы тұрған кезде Ұлы Сталиннің 1941 жылғы 3 июльдегi: «Фашистiк езушiлерге қарсы бүкiлхалықтық бұл Отан соғысының мақсаты елiмiздiң басына түскен қауiптi жоюға ғана емес, сонымен бiрге герман фашизмiнiң қанауында зардаған барлық Европа халықтарына көмек беру болып табылады» деген сөздерiн ешуақытта ұмытпайды.

Теңдесi жоқ стратег Иосиф Виссарионович Сталиннің басшылығымен Совет Армиясы капитализмнің құрғын аса күштi соғыс машинасын талқандап, өзiнiң қолбасшысы алға қойған ұлы интернационалдык мiндеттi абыроймен орындап шықты.

Бұл тарихи оқыйғалар дүние жүзi халықтарының санасынан терең орын алды.

Совет Одағының даңқты Қарулы Күштерi Сталин жолдас тың басшылығымен бiздiң отанымыз — Румынияны азат еттi. Румын халқы апатшылық шегiне жеткен кезде Ұлы Сталиннің әжелiк көмегi оның өмiрiн сақтап қалғандығын ешуақытта да ұмытпайды.

Бiздiң Отанымыздың фашистiк басқыншылардың тепкiсiнен азат етуi және америка-ағылшын империалистерiнiң гитлершiлдердiң орнын басып болған зұлымдық басқыншылық жоспарларының жүзеге асырылмауы, румын халқының көп азап шеккен бүкiл тарихында алғашқы рет нағыз ұлттық тәуелсiздiкке жеткiздi, оған жаңа, бақытты өмiрдiң жолын ашты.

Көзiр ерiктi румын халқы өзiнiң халық шаруашылығын орасан зор өркендетудiң жоспарларын жүзеге асыруда. Румынияның еңбекшiлерi өз Отанының игiлiгi үшiн, өз игiлiгi үшiн еркiн еңбек етуде, өздерiнiң творчестволық күштерiн дамыту үшiн шексiз мүмкiншiлiктермен, бiрырына қақ демократиялық праволармен және бостандықтармен пайдалануда.

Данышпандық сталиндiк идеялар, Сталин жолдас тың әжелiк қамқорлығы мен кеңестерi, Совет Одағының жан-жақты туысқандық көмегi халқымыздың жаңа, социалистiк шаруашылық пен мәдениет құрылысында, жұмысшы партиясы мен халықтық-демократиялық мемлекеттi

дастың данышпандығы нұрдандыраған жолмен берiк алға баса беруге онан сiйiн бел байлауда.

Капиталистiк дүниеде мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста тағылық заңдар үстем болады, неғұрлым күштiлерi неғұрлым әлсiздерiн еседi, онда америка империализмi көзiр барып тұрған қаражүздi реакциялық күш, дүниежүзiлiк жандарм және халықтардың бостандығын қанқұмарлықпен тұншықтырушы болып ойран салуда.

Қаһарман корей халқына қарсы қырақшылық агрессияны өршiткен, ұлы қытай халқына қарсы зұлымдық провокация жасап жатқан америка империалистерi бүкiл дүние жүзi алдында халықтар бостандығының нағыз зұлым жауы болып отыр.

Алайда агрессиялық саясат империалистерi ешқандай жеңiске жеткiзiп отырған жоқ және жеткiзе алмайды да. Бұл саясат капиталистiк мемлекеттердiң арасындағы қайшылықтардың шиеленiсуiне әкелiп соқпай қала алмайды және соғуда, ол мұнымен бiрге империалистердiң агрессиялық жоспарларына халықтардың тойтарыс беруiн күшейтуде. Халықтар америка империалистiк буржуазиясының агрессорлығы мен фашистiк үнiн күшеюi оның күштiлiгiнен емес, әлсiздiгiнен өкөнiн барған сайын көбiрек азғаруда.

Сталин жолдас Совет Одағының Коммунистiк партиясының XIX съезiнде сөйлеген тарихи сөзiнде: азаттық қозғалыстың бас жауы буржуазияның өзі басқаша болып, мықтап өзгердi, анағұрлым реакцияшыл буржуазияға айналып, халықпен байланысынан айрылды, сөйтiп, өзiн-өзi әлсiреттi деп көрсеттi.

Бүкiл дүниежүзiлiк капиталистiк система дүниежүзiлiк екiншi соғыстың нәтижесiнде бұрынғыдан әлсiредi. Халықаралық майдандары күштердiң ара салмағы социализм пайдасына, капитализмнің зиянына түбiрiнен өзгердi. Совет Одағы бастаған бейбiтшiлiк пен социализм лагерi көзiр бұрын тарихта болып көрмеген злып болып табылады. Бұл лагердiң төңiрегiне көзiр капиталистiк елдердiң миллиондаған адамдары барған сайын тығыз топтасуда, олар америка агрессиялық блогiнiң билеп-төстеушiлерi жаңа соғысқа бастап отырғанын барған сайын неғұрлым айқын көруде.

Ерiктi халықтар өздерiнiң қырағылығын арттыруда. Олар бейбiтшiлiк, демократия және социализмнiң бiртүтас және қуатты лагерiнiң күштерiн бұрынғыдан да тығыз топтастыруда, олар Совет Одағының Коммунистiк партиясының көмекпен өздерiнiң бейбiтшiлiктi сақтау



Антонида Андреевна Марасонова қала бар бақшасында отыз жылдан берi сестра-мiндетiн сүйiспеншiлiкпен атқарып, жас бөбектердi аналық мейрiмдiлiкпен тәрбиелеп, ата-аналар тарапынан да зор сенiмге ие болып отыр. Антонида Андреевнаның тәрбиесiндегi балалардың денсаулығы өте жақсы. Суретте: Антонида Андреевна Марасонова яслиде тәрбиеленушi балалар арасында. Суреттi түсiрген А. Розенштейн.

ЖҰМЫСШЫЛАР КЛУБЫ

Киров атындағы заводтың клубы әдеттегiдей бүгiн де жұмысшыларға тeлы. Қызыл шұғамен жабылған ұзын столды жағалай қойған орындықтарда отырғандардың бiреулерi газет, екiншi бiреулерi журнал, кiтап оқып, ендi бiреулерi шахмат ойынап отыр.

Клубтың кiре берiсiндегi үлкен залда Совет Одағы халықтарының достығын бейнелейтiн үлкен плакат бiрден көзге түседi. Оған «Совет халықтарының мызғымас сталиндiк достығы жасасын!» деген сөздер жазылған. Мұнда көсемiмiз Сталиннiң, үкмет басшыларының суреттерi бар. Сталин жолдас тың СОКП-ның XIX съезiнде сөйлеген тарихи сөзi, бесiншi бесжылдықта өндiрiс пен халықтың мәдени-тұрмыс дәрежесiнiң өсуiн көрсететiн диаграммалар, сурет көрмелерi көрнектi жерлерге iлiнiп қойылған.

Клубта хор, драма, би сыяқты, өнерпаздар үйiрмелерi арнаулы жоспар бойынша жұмыс iстейдi. Бұл үйiрмелердi клуб меңгерушiсi Х. Бекжанов пен үйiрме жетекшiсi Н. Мальцев жолдастар басқарады. Үйiрме мүшелерi Н. Ольхова, Л. Антонова, Н. Лаврова, А. Поршин тағы басқа жолдастар завод жұмысшылары мейкызметкерлерiне концерт, постановка қойып мәдениеттi қамтуда үлкен белсендiлiк iретiн жүр. Өнерпаздар үйiрмелерiнiң iшелерi демалыс күндерi басқа артельдер мен заводтардың жұмысшыларына қала еңбекшiлерiне, мектеп оқушыла-

лық денсаулық сақтау бөлiмiнiң № 1 бала тәрбиешi болып жұмыс iстейдi. Ол өзiнiң бөбектердi аналық мейрiмдiлiкпен тәрбиелеп, ата-аналар тарапынан да зор сенiмге ие болып отыр. Антонида Андреевнаның тәрбиесiндегi балалардың денсаулығы өте жақсы.

Ибатуллин жолдасқа сөз бөрдi: —Мен көп уақыттан берi үгiтшi болып iстеймін, —деп бастады ол сөзiн. Қай уақытта болсын үгiт жұмысын бөсендеткен емеспiн. Менiң қарауымда 4 үй бар. Онда 40 адам тұрады. Олармен әртүрлi тақырыптарға жиi әңгiме өткiзiп тұрамын. Күнi бұрын айлық жоспар жасап алып, жұмысты сол бойынша жүргiзiп келемін. Оларға газет-журналдардан жаңалықтарды оқып беремiн, қойылған сұрақтарға жауап қайтарамын. Көзiр Сталин жолдас тың съездiң қорытынды мәжлiсiнде сөйлеген тарихи сөзi мен «ССРО-да социализмнiң экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегi туралы әңгiме өткiзiп жүрмiн деп сөзiн бiтiрдi Ибатуллин жолдас.

Ибатуллин жұмысшы болып iстейдi. Ол өндiрiстiк жоспарын асыра орындап, стахановшы деген құрметтi атаққа ие болды. Сол сыяқты, үгiтшiлер Аяпбергенов, Дедова, Гольванов жолдастар өндiрiстiк тапсырмаларын асыра орындаумен бiрге, жұмысшылар арасында үгiт-буқаралық жұмыстарын жоғары дәрежеде жүргiзуде.

Клубта жұмысшылар үшiн лекциялар жиi ұйымдастырылып тұрады. Онда

Монтевидеода болған қаралы митинг

МОНТЕВИДЕО, 15 март. (СОТА). Монтевидео қаласының муниципалдык алаңында Иосиф Виссарионовичтің құрметіне Уругвай Коммунистік партиясының Ұлттық Комитеті шақырған қаралы митингіге көп мыңдаған адамдар қатысқан. Барлық кәсіподақтар мен прогресшіл ұйымдардың, аудандардың өкілдері митингіге Сталин жолдастың портреттерімен, уругвай халқының орасан зор қасретін білдіретін жазулармен келген. Ондаған делегациялар мінбеге орнатылған Иосиф Виссарионович Сталиннің портретінің маңайын неше түрлі гүлдермен толтырған. Кәсіподақтар ұйымдары жұмысшылардың совет халқына үлкен қасретпен көңіл айтатындығын білдіретін мыңдаған жазулар әкелген.

Уругвай Коммунистік партиясының бас секретары Эухенно Гомес сөз сөйледі. Ұлы Сталиннің өлімі, деді ол, бүкіл уругвай халқын орасан зор сілкіндірді. Елдің барлық қалаларында қаралы митингілер болып өтті. И. В. Сталиннің қайтыс болғаны туралы хабарды естігеннен кейін құрылысшы жұмысшылар, металлургтер, трамвай және автобус паркінің жұмысшылары және басқалары бірнеше минутқа жұмысты тоқтатты.

Мұнан әрі Гомес Ленинмен бірге Сталин жолдастың Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасаудағы, азамат соғысы жылдарында шетел интервенттері мен аквандрияшыларды талқандаудағы ұлы роліне, Сталин жолдастың социализмнің данышпан жасаушысы есебіндегі роліне, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ұлы қолбасшы есебіндегі роліне толық тоқтады.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 16 март. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 16 март күні былай деп хабарлады:

Өткен күні майданның екі участогінде Корей Халық армиясы және қытай халық еріктілерінің бөлімдері мен америка-ағылшын интервенттері және лисыманшыл әскерлердің барлаушы отрядтары арасында болмашы соқтығыстар болды.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсірді.

КОРЕЯДАҒЫ АМЕРИКАН АГРЕССОРЛАРЫ ШЫНДЫҚТАН ҚОРҚАДЫ

ПЕКИН, 16 март. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Мұнда Кореядағы америка командова-

